

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 821 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 қыркүйекте № 29800 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 157) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зан департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 11 бүйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22077 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бүйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

P. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2022 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 821 бүйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері әскери полиция органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері (бұдан әрі – ҚР ҚК) әскери полиция органдары кинологиялық қызметінің негізгі бағыты қызметтік иттерді (бұдан әрі – ит) дайындау және ҚР ҚК әскери полиция органдарының қызметтік ісінде іс жүзінде пайдалану болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) апортировка – итті қандай да бір затты алып келуге жаттықтыру элементі;
- 2) арнайы жаттықтыру курсы – иттің белгілі бір қызмет түрі үшін қажетті арнайы дағдысын қалыптастыру;
- 3) жалпы жаттықтыру курсы – айтқанға көндіру және ептілік жаттығуларының жиыны. Итті жаттықтырудың арнайы спорттық және қызметтік түрінің алдындағы "жалпы", алдын ала, негізгі курс болып табылады;
- 4) жаттықтыру – бұл жаттықтыру процесінде итте қалыптасқан шартты рефлекстерді (дағыларды) бекіту, оларды қызметтің нақты шарттарына қатысты дамыту және жетілдіру мақсатындағы жүйелі жаттығулар;
- 5) жоғары нерв қызметінің түрі – организмнің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу сипаттамасын айқындайтын және организмнің барлық функциясында өз көрінісін табатын нерв жүйесінің туа біткен жүре пайда болған қасиеттерінің жиынтығы;
- 6) кинолог – итті тәрбиелеу, жаттықтыру және дайындау жөніндегі маман;
- 7) қызметтік итті дайындау – бұл жүйелі, қызмет атқару үшін қажет белгілі бір жағдайда итті әртүрлі күрделі іс-қимылды жасауға бағытталған үйрету. Бұл іс-қимылды ит кинологтың сигналы (ауызша командасы, қол қимылсы) бойынша жүзеге асырады. Итті дайындау процесі оларда қажетті қозғалу және тежелу дағдысын қалыптастыруды қамтиды;
- 8) рефлекс – тірі организмнің рецепторлардың қатысуымен және нерв жүйесінің басқаруымен өтетін қандай да бір әсер етуге стереотиптік реакциясы;
- 9) фигурант – кинологтың көмекшісі, кинологтың басқаруымен итпен жұмысты ұйымдастырады, жануардың нақты немесе өзге де қабілетін (мінез-құлқы, темпераментін, адаммен құресу қабілетін және иттің жалпы дайындығын) айқындауға көмектеседі;
- 10) экстерьер – жануардың сыртқы келбеті және дene бітімі.

2-тарау. Қызметтік итті қолдану және дайындау тәртібі

4. Эскери полиция органдарының қызметтік иттері қызметтік қолдану түрлері бойынша іздестіру, патрульдік және қарауылдық санаттарға бөлінеді.

5. Қызметтік ит мынадай жағдайларда қолданылады:

1) әскери қызметшілерді қорғау, олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қаскунемдердің шабуылынан өзін-өзі қорғау;

2) ішкі істер органдарымен бірлесіп, қоғамдық тәртіпті күзетуді жүзеге асыру, жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесу, қоғамдық қауіпсіздік пен төтенше және соғыс жағдайы құқықтық режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

3) әскери бөлімдердегі жаппай тәртіпсіздіктің, сондай-ақ әскери қызметшілердің қоғамдық тәртіпті және әскери тәртіпті топтасып бұзуының жолын кесу;

4) әскери қалашықтарға, объектілерге, құрылыштарға, үй-жайларға, ғимараттарға және әскери көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару немесе оларды басып алған жағдайда босату;

5) егер құқық бұзушылар әскери тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді орындайтын әскери полиция қызметкерлеріне бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды әскери бөлімдерге және гауптвахтаға жеткізу, ұсталған, күзетпен қамауға алынған адамдарды айдауылмен алып жүру және күзету үшін ұстаяу;

6) анықтау органдарынан жасырынып жүрген, сондай-ақ бөлімді немесе қызмет орнын өз еркімен тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіру;

7) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз сақтау, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды ұрлау және жоғалту, сондай-ақ әскери қызметшілерді іздестіру фактілерінің алдын алуға және оларды анықтауға бағытталған алдын алу іс-шараларын жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының құқық қорғау және (немесе) мемлекеттік арнаулы органдары өткізетін іс-шараларға әскери полиция органдарының әскери қызметшілері тартылған жағдайларда.

6. Итті дайындау жалпы және арнайы үйретуден, сондай-ақ жаттықтырудан тұрады.

7. Жаттықтыруға кірісе отырып, кинолог иттің ерекшеліктерін (жасын, денсаулық жағдайын, оған дейін тәрбиеленген жағдайларын, нерв жүйесінің ерекшеліктерін, мінез-құлқының басым реакцияларын және әртүрлі тітіркендіргіштерге әсерін) зерделейді:

1) итті дайындау жүйесі үш кезеңде өтеді;

2) итті дайындау жүйесінің бірінші кезеңі – дайындық, белгілі бір қызметтік қолдану түріне (іздестіру, қарауылдық) дайындау үшін мүмкіндіктерін және табиғи

қабілеттілігін айқындау мақсатында иттерді тестілеу (басым реакциясын, жоғары жүйке жұмысының типін, олардың дене бітімінің жай-күйін, іс сезу өткірлігін және басқа да қасиетін анықтау);

3) итті дайындау жүйесінің екінші кезеңі – жалпы тәртіптік, иттің бойында жалпы айтқанға көндіру тәсілдерін қалыптастыруға және алдағы уақытта оны бекітуге арналған. Бұл ретте тәсілдердің түрлері мен олардың саны иттің қызметке арналуына және оларды даярлаудың барлық курсына бөлінген уақытқа негізделе отырып айқындалады. Ит үшін жалпы жаттықтыру тәсілдерінің саны, әсіресе бастапқы даярлық кезеңінде мақсатқа сәйкестік пен қажеттілік қағидатына қарай барынша азайтылады, жалпы жаттықтыру курсына:

итті кинологқа үйрету;

итті лақап атқа үйрету;

итті қарғыбауға үйрету;

итті тізгінге үйрету;

итті тұмылдырыққа үйрету;

итті жиынтық жағдайды қабылдауға үйрету;

итті кинологқа жақындауға және одан кетуге үйрету;

итті кинологтың жанында жүргуге үйрету;

итті отыруға үйрету;

итті жатуға үйрету;

итті орнында тұруға үйрету;

итті заттарды алып келуге үйрету;

итті дыбыс шығаруға үйрету;

итті жағымсыз әрекетті тоқтатуға үйрету;

итті кедергіден өтуге үйрету;

итті қозгалу қарқының бәсендегуға үйрету;

итті төрт тағандап еңбектеп жүргуге үйрету;

итті жүзуге үйрету;

итті атыстарға үйрету;

итті тауып алған немесе бөгде адам берген тағамнан бас тартуға үйрету кіреді;

4) итті дайындау жүйесінің үшінші кезеңі – арнайы жаттықтыру, оның негізгі міндеті оқу жағдайы шарттарында иттің нақты санаты үшін қажетті арнайы жаттықтыру тәсілдерін иттің айқын орындауы болып табылады. Іздестіру итін дайындау кезінде түпкілікті мақсат итті оқу-жаттығу объектісі болып табылатын аумақта (ғимараттарда, үй-жайларда) жарылғыш заттарды іздеуді сенімді жүзеге асыруға үйрету болып табылады, арнайы жаттықтыру курсына:

итті қозғалыстағы және қозғалмайтын көлікте жұмыс істеуге үйрету;

багажды тінту;

жүкті тінту;

женіл және жүк автокөлігін тінту;
адамды іріктеу;
ұй-жайдағы орындарды тінту кіреді.

3-тaraу. Қызметтік итті жаттықтыруды жоспарлау тәртібі

8. Бөлімшелерде итті жаттықтыру жартыжылдыққа әзірленетін итті дайындауға арналған жаттықтыру міндеттеріне (бөлімшеде иттерді жаттықтыру жоспар-кестесіне) сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

9. Жаттықтыру:

1) іздестіру иті үшін 2 сабак – таңертең, 4 – күндіз, 1 – кешке, 2 – түнде есебінен айына 9 сабак (күніне ұш сағаттан) (оның ішінде 1 бақылау-тексеру). Сабактар объектіге іргелес жергілікті жерде (міндетті орындау ауданында) және оқу-жаттығу қалашығында өткізіледі.

2) қарауылдық ит үшін 1 сабак – таңертең, 3 – күндіз, 1 – кешке, 1 – түнде есебінен айына 6 сабак (оның ішінде 1 бақылау-тексеру). Сабактар: 2 – қызметте пайдалану орнында, 4 – оқу-жаттығу бекетінде өткізілсін.

10. Кинологиялық қызмет мамандары ай сайын 30-ы күніне дейін итті жаттықтыру бойынша сабак кестесін жасайды және оны тікелей бастық бекітеді. Сабактар кестесіне итті жаттықтыру жөніндегі тақырыптар, сондай-ақ қыындықтарды енгізу мен пысықтаудың нақты міндеттері қосылады.

11. Итті жаттықтыру жөніндегі сабактар Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша итті жаттықтыруды (үйретуді) есепке алу күнделіктерінде есепке алынады.

12. Жергілікті жерді, ұй-жайларды тінту үшін итті жаттықтыру кезінде өсімдік өскен участеклер, тұрғын емес ұй-жайлар, жертөлелер пайдаланылады.

13. Көлік құралдарын тінту, қарап-тексеру бойынша сабактар оқу-жаттығу алаңында, сондай-ақ бақылау-өткізу пункттерінде өткізіледі.

14. Қарауылдық итті жаттықтыру бойынша сабактар бұзушылардың күзетілетін объектіге кіру үшін қолданатын әдістерін ескере отырып, оқу-жаттығу бекеттерінде немесе оларды қызметте пайдалану орындарында өткізіледі.

Қарауылдық иттердің оқу-жаттығу бекеттерінде итті жаттықтыру кезінде фигуранттың әрекет етуі үшін техникалық күзет құралдарының жұмыс істеуін имитациялайтын аспаптар, қазбалар, шұңқырлар, қоршаудағы ойық жерлер жабдықталады.

Қарауылдық иттерді тамақ жемеуге, бұзушыны ұстауға, атыстарға, жарылыштарға, қатты дыбыстық және сәулелік тітіркендіргіштерге байыпты қарауға жаттықтыру оқу-жаттығу бекеттерінде қызметті қырағы атқару дағдыларын пысықтаумен кешенде өткізіледі.

15. Итте жалпы жаттықтыру дағдыларын жетілдіру арнайы жаттықтыру дағдыларын пысықтаумен қатар жүргізіледі. Жалпы жаттықтыру тәсілдері бойынша

сабақтар өткізу кезінде иттің дәл, тез қимылдауына және оларды кідіріссіз орындауынаа қол жеткізу қажет.

16. Иттің барлық санатын жаттықтыру кезінде оқу-материалдық базаның жылжымалы және стационарлық элементтері пайдаланылады. Итті жаттықтыру бойынша сабақтар тапсырмаларды орындаудың нақты шарттарына барынша жақындастылған болады.

17. Команда бүйіректы дауыс ырғағымен беріледі. Еркелету дауыс ырғағы итті мадақтау үшін қолданылады ("Жақсы" лепті дауыс). Қорқытатын дауыс ырғағы ит өзінен талап етілген іс-әрекетті орындаған жағдайда немесе оның қандай да бір орынсыз іс-қимылын тоқтату қажет болғанда қолданылады.

18. Итті басқару үшін дауыс командалары және қол қимылдары (жаттықтырушының жаттықтырудың әрбір тәсіліне белгіленген белгілі бір қолмен жасалған қимылы) қолданылады.

19. Жаттықтыру итті кинологқа бекітіп бергеннен кейін 5-7 күннен соң басталады. Осы күндер ішінде кинолог иттің мінез-құлқының өзіндік ерекшеліктерін айқындаиды және оны өзіне үйретеді.

20. Итті жаттықтыру түрлі әдістермен жүргізіледі. Мынадай төрт әдісті ажырата білу қажет:

- 1) дәммен мадақтау;
- 2) механикалық;
- 3) ойын;
- 4) еліктеушілік.

Дәммен мадақтау әдісі кезінде жаттықтырудың жеке тәсілдерін пысықтау үшін азық-түлік тітіркендіргіштері пайдаланылады.

Механикалық әдіс кезінде жаттықтырудың жеке тәсілдерін пысықтау үшін шартты тітіркендіргіш иттің қорғаныштық рефлексін тудыратын физикалық немесе ауыртып ықпал етумен бекітіледі.

Ойын әдісі иттің белгілі, қажетті иісі бар "ойыншықпен" "ойнауы" процесінде онда пайда болатын қажетті машықтарды тудыруға негізделген.

Ойын әдісі итті жарылғыш заттарды, есірткі заттарын және қаруды іздеуге жаттықтыру кезіндегі негізгісі болып табылады.

21. Даирлық кезеңінде кинолог жаттықтырылатын иттің жалпы жай-күйін (оның денсаулығын, мінез-құлқы ерекшеліктерін), сондай-ақ даирлық өткізілетін сыртқы шарттарды ескеруге тиіс.

22. Иттің қызығушылығын сақтау үшін жаттықтырудың барлық кезеңінде әрбір сабақта қолданылатын тәсілдерді кезектестіру және "қарапайымнан қурделіге" қағидаты бойынша итті жаттықтыру қажет.

23. Итке оларды бастапқы жаттықтыру кезінде сыртқы тітіркендіргіштер қатты ықпал етеді, олар итті талап етілетін іс-қимылдарды орындаудан алаңдатуы мүмкін. Оған жол бермеу үшін:

1) бастапқы жаттықтыруды қатты әсер ететін сыртқы тітіркендіргіштер болмаған кезде жүргізу;

2) жаттықтыру шарттарын ұдайы қыындата отырып, итті сыртқы тітіркендіргіштер болған кезде дағдыларды мұлтіксіз орындауға үйрету.

24. Қызметтік иттің дайындық деңгейін тексеру үшін бағалау көрсеткіштері Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тексеріледі. Әскери полиция органдарының бастықтары қорытынды тексерулер кезінде, кинология бөлімшелерінің бастықтары барлық иттерді қамтумен тоқсанына бір рет тексереді.

Қазақстан Республикасы
Карулы Күштері әскери полиция
органдарының кинологиялық
қызметін ұйымдастыру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Қызметтік итті жаттықтыруды есепке алу күнделігі

(маманның лауазымы, әскери атағы,

бекітіліп берілген

тегі мен инициалдары)

(иттің лақап аты, санаты, бөлімшенің,

әскери бөлімнің атауы)

Басталды 20__ жылғы "___" ____.

Аяқталды 20__ жылғы "___" ____.

| | | | |
|---------------------------------------|-----------------------------|----------------|---|
| Сабактың күні, нұсқасы және уақыты | Сабактың қысқаша мазмұны | Сабак нәтижесі | Сабак жетекшісінің (тексерушінің) ескертулері мен нұсқаулары |
| | | | |

Ескертпе:

- 1) күнделік бөлімшенің әрбір итіне жүргізіледі;
- 2) сабактың мазмұнын маман оны өткізу алдында жазады;
- 3) ит бекітіліп берілген маманның лауазымы, әскери атағы, тегі мен инициалдары титул парағына қарындашпен жазылады.

Қазақстан Республикасы
Карулы Күштері әскери полиция

органдарының кинологиялық
қызметтің ұйымдастыру
қағидаларына
2-қосымша

Қызыметтік иттің дайындық деңгейін тексеруге арналған бағалау көрсеткіштері

| P/c № № | Нормативтер (жаттығулар) атавы және оларды орындау шарттары | Жоғары балл | Балдарды төмендету |
|-------------------------------|--|-------------|---|
| 1-тарау. Жалпы тәртіптік курс | | | |
| 1 | Жанында журу "Жаныма" командасы, қимыл – сол жақ қолдың алақанымен жамбасты қағу. Қозғалу бағыты мен карқының өзгеруіне қарамастан, ит тізгінсіз маманың сол аяғының жанында жүргөрі керек, маман тоқтаған кезде өздігінен оның сол аяғының жанына отыруды керек. Команданы немесе қимылды қайталау маман қозғалыс бағытын немесе карқының өзгертуен кезде ғана рұқсат етіледі. | 5 | 1 балға қайталап берілген команда немесе қимыл үшін; ит маманнан артта қалған, 2 секунд ішінде аяғының жанына қайтып келумен алға немесе шетке шығып кеткен әрбір жағдай үшін; егер ит маман тоқтағаннан кейін өздігінен 2 секунд ішінде оның сол аяғының жанына отырмаса. 5 балға иттің маманнан 2 секундтан көп уақытқа кетіп қалғаны үшін |
| 2 | Еркін жай-күйі "Серуенде" командасы, қимыл – он қолды сол жамбастан иық деңгейіне алға сермеу. Ит маманың бірінші командасы немесе қимылы бойынша жылдам еркін жай-күйге көшүі керек | 5 | 1 балға қайталап берілген команда немесе қимыл үшін |
| 3 | Маманга келу "Маған кел" командасы, қимыл – иық деңгейінен түзу сол қолды шет жақтан жамбас жанына күрт төмен түсіру. Ит еркін жай-күйде маманың бірінші командасы немесе қимылы бойынша жылдам жүгіріп келіп, | 5 | 1 балға қайталап берілген команда немесе қимыл үшін; иттің маманға адымдап келгені үшін; ит маманға жолда кідірумен келгені үшін; егер ит маманға келген кезде оның сол аяғының |

| | | | |
|---|---|---|--|
| | оның сол аяғының жанына отыруы керек. | | жанына отырмаса немесе дұрыс отырмаса |
| 4 | <p>Отыргызу "Отыр" командасы, қимыл – алақанын төмен қаратып еркін созылған он қолды алға және иық деңгейінен аздал жоғары сермеу.</p> <p>Ит маманның бірінші командасы немесе қимылы бойынша орнынан жылжымай, тез және дәл отыруы керек.</p> | 5 | <p>1 балға қайталап берілген команда немесе қимыл үшін; иттің дұрыс отырмаганы үшін (бір жақ сауырына қисайып отыру); иттің 0,5 метрден алыс орнынан кеткені үшін 4 балға итте тағаттылықтың болмаганы үшін 5 балға иттің орнынан 0,5 метрден алыс кеткені үшін</p> |
| 5 | <p>Жатқызу "Жат" командасы, қимыл – алақанын төмен қаратып алдын ала алға және иық деңгейінен аздал жоғары созылған он қолды күрт төмен түсіру.</p> <p>Ит маманның бірінші командасы немесе қимылы бойынша орнынан жылжымай, тез және дәл жатуы керек</p> | 5 | <p>1 балға қайталап берілген команда немесе қимыл үшін; итті дұрыс жатқызбағаны үшін (бір жақ сауырына қисайып отыру); иттің 0,5 метрден алыс орнынан кеткені үшін 4 балға итте тағаттылықтың болмаганы үшін 5 балға иттің орнынан 0,5 метрден алыс кеткені үшін</p> |
| 6 | <p>Тұрғызу "Тұр" командасы, қимыл – сол қолдың алақанын жоғары қаратып өзінің алдында иық деңгейіне дейін күрт көтеру.</p> <p>Ит маманның бірінші командасы немесе қимылы бойынша орнынан жылжымай, тез және дәл төрт тағандап тұруы керек.</p> | 5 | <p>1 балға қайталап берілген команда немесе қимыл үшін; иттің 0,5 метрден алыс орнынан кеткені үшін 4 балға итте тағаттылықтың болмаганы үшін 5 балға иттің орнынан 0,5 метрден алыс кеткені үшін</p> |
| | Дауыс шыгаруға (үруге) шакыру "Дауыс" командасы, қимыл – он қолды иық | | 1 балға |

| | | | |
|---|--|---|--|
| 7 | <p>денгейінде ұстап алақанды итке қаратып жан-жаққа бұлғау.</p> <p>Ит маманның бірінші командасы немесе қымылы бойынша орнынан жылжымай және өзінің тұрысын өзгертпей тез және дәл дауысын шығаруы (үруі) керек</p> | 5 | <p>қайталап берілген команда немесе қымыл үшін;</p> <p>ит өзінің тұрысын өзгерткен үшін;</p> <p>иттің орнынан, бірақ 0,5 метрден алыс емес кеткен үшін</p> <p>5 балға</p> <p>иттің орнынан 0,5 метрден алыс кеткен үшін</p> |
| 8 | <p>Төрт тағандап еңбектеу "Төрт тағандап еңбекте" командасы, қымыл – тізе денгейінде болатын он колдың алақанын итке қаратып жан-жаққа бұлғау.</p> <p>Ит маманның бірінші командасы немесе қымылы бойынша жолда кідірмей және алдыңғы аяғының шынтақ буынын жерден көтермей тез және нық оған қарай 20 метрге төрт тағандап еңбектеуі керек.</p> | 5 | <p>1 балға</p> <p>қайталап берілген команда немесе қымыл үшін;</p> <p>ит шынтақ буынын жерден көтеріп өткен аракашықтықтың әрбір метрі үшін;</p> <p>иттің жолда кідірумен төрт тағандап еңбектегені үшін</p> <p>5 балға</p> <p>иттің шынтақ буынын жерден көтеріп бір метрден астам жылжығаны үшін</p> |
| 9 | <p>Заттарды әкелу (апортировка)</p> <p>"Апорт" және "Бер" командалары, қымыл – он колды зат лақтырылған жаққа қарай сілтеу.</p> <p>Ит маманның бірінші командасы немесе қымылы бойынша оның көз алдында кемінде 10 метр қашықтыққа лақтырылған затты іздеуге жылдам баруы, оны тез табуы және зақымдамай аузымен тістеп алып келуі керек. Маманның "Бер" деген командасына дейін затты аузында тістеп тұрып, бір адым қашықтықта оның алдына отыруы керек.</p> | 5 | <p>1 балға</p> <p>қайталап берілген команда немесе қымыл үшін;</p> <p>маманның командасына немесе қымылына дейін орнынан қозғалғаны үшін ;</p> <p>ит маманға адымдан келгені үшін;</p> <p>ит маманға жолда кідірумен келгені үшін;</p> <p>ит маманға қайтып келе жатқан кезде заттың жерге әрбір құлағаны үшін;</p> <p>иттің затпен ойнағаны үшін;</p> <p>егер ит затты алып келіп, жаттықтырушының алдында отырмаса немесе дұрыс отырмаса 5 балға</p> |

| | | | |
|----|--|----|---|
| | | | иттің алып келетін затты бұлдіргені үшін |
| 10 | <p>Қажет емес іс-кимылдарды тоқтату</p> <p>Корқыту интонациясымен берілетін "Фу" командасы.</p> <p>Маман итті оның көз алдында кемінде 10 метр қашықтыққа лақтырылған затты іздеуге жібереді. Ит затты алып 3-4 метр жүргеннен кейін маман "Фу" командасын береді.</p> <p>Ит маманның бірінші командасы бойынша іс-кимылды дерек тоқтатуы керек.</p> | 5 | <p>5 балға</p> <p>қайталап берілген команда үшін</p> |
| 11 | <p>Атуға әсері</p> <p>Ит өзінен кемінде 50 метр қашықтықта жүргізілген үш атуға байыпты қарауы керек.</p> | | |
| | <p>Ит өзінің козгалу бағыты мен қарқынын, сондай-ақ өзінің фигурантка қатысты мақсатын өзгертпеуді керек.</p> | 10 | <p>2 балға</p> <p>атудан кейін иттің шабуыл бағытынан ауытқуы, бірақ одан мұлдем бас тартпағаны үшін;</p> <p>ит атудан кейін шабуыл қарқынын төмендеткені үшін;</p> <p>кейіннен оны қайта жалғастырумен атудан кейін ит тістеуін тоқтатқаны үшін</p> <p>10 балға</p> <p>ит шабуылын (күресін) тоқтатқаны және атудан кейін фигуранттан кеткені үшін</p> |
| 12 | <p>Табылған азыққа әсері</p> <p>Көлемі 3-5 шаршы метр үй-жайдың еденіне 3 кесек ет алдын ала тасталған, оның әрқайсысының салмағы 30-50 грамм. Ит 1 минут ішінде үй-жайда жалғыз болады. Уақыт өткеннен</p> | 5 | <p>5 балға</p> |

| | | |
|--|---|--|
| | <p>кейін итке таныс емес адам тағы 2 кесек етті лақтырады. Осыдан кейін ит үй-жайда 1 минут болады.</p> <p>Ит қойылған және лақтырылған етке байыпты қарауы тиіс.</p> | <p>иттің еденнен табылған немесе лақтырылған етті жеп қойғаны үшін</p> |
|--|---|--|

2-тарау. Арнайы курс

1-параграф. Іздестіру иттері үшін

| | | |
|----|--|--|
| 13 | <p>2 сағатқа дейінгі және 5 километрге дейінгі қашықтықтағы ізді фигурант шапшаң жүріспен салып өткен. Издің орны тексерушінің көз алдында ойлы-қырлы жер бойынша өтеді, 4 бұрышы (бұрылышы) бар. Издің орнында негізгі фигуранттың иісі бар (із салар алдында кемінде 30 минут фигурантта болуы керек) 3 зат (ұзындығы 300 миллиметр ағаш таяктар) жатады.</p> <p>Заттар іздің орны бойынша катаң біркелкі салынбайды: біріншісі бастапқы нүктеден кемінде 200 адым, ал соңғысы соңғы нүктеге дейін кемінде 100 адым. Итті жалаушамен (мандайшамен) белгіленген бастапқы нүктеден ізге қою. Бастапқы нүктеден бес метр жерде қосымша фигуранттардың екі "жалған" ізі бар. Жалған іздердің ескілігі 30 минутқа дейін.</p> <p>Ізben жұмыс істеу уақыты, фигуранттың ізді салуға жұмсаған уақытымен тең. Оны санау маманға ізben жұмыс істеуге команда берілген сәттен басталады. Соңғы нүктеде ол маман бойынша белгіленеді</p> | <p>100</p> <p>20 балға белгіленген уақыттан артық әрбір 5 минут үшін 10 балға әрбір табылмаған зат үшін Балдар есептелмейді және маманның итпен жұмысы тоқтатылады егер ит бастапқы нүктеден "жалған" ізben кеткен болса егер итте ізben жұмыс істеуде 50 метр іздің кесіндісі түсіп қалатын болса</p> |
|----|--|--|

Көлікті тінту
"Ізде" командасы, қымыл – автомобиль макеті жағына қарай оң қолды сермеу.

Маман иттің көмегімен шынайы көлемде жасалған және кузовтың жоғары жабынына ретсіз лақтырылған ағаш жәшіктер түрінде тиелген автомобильдің үш макетін жүйелі түрде тінтуі керек. Макеттерді ит тек үстінен тінтиді. Жерде макеттердің астында өткір ісі бар заттар: бензин, керосин, солярка майы бар ашық ыдыстар тұрады. Комбинезон киген фигуранттар едендегі макеттерде болады.

Үш макетті тінтуге – 3 минут.

Әрбір макетті тінткеннен кейін маман тексерушіге "автомобильді шыгару" туралы өзінің шешімін баяндайды. Маманның итпен бастапқы орны бірінші макеттің эстакада баспалдағының алдында бір метр жерде болады.

80

80 балға
ішінде фигуранты бар "автомобильді шыгарғаны" немесе бос "көлікті" "ұстағаны" үшін нормативті орындауга бөлінген уақыттың мерзімін өткізіп алғаны үшін

2-параграф. Іздестіру және қарауылдық иттер үшін

Тура шабуыл
"Фас" командасы, қымыл – қашқан фигуранттың бағытына қарай оң қолды сілтеу. Маман сол аяғымен тізерлеп, итті қарғы баудан ұстап тұрады.

Алдағы 60 метр тасадан жаттықтыру костюміндегі және қолында шыбығы (таяғы) бар фигурант пайда болады. Итке арқасын бұрып қарап, ол тез жүгіре бастайды. Маман өзі орнында қалып, итті ұстаяuga жібереді.

| | | | |
|----|--|-----|---|
| 15 | <p>Фигурант 20 метр жүгіріп өтіп, айналып бұрылады және айқаймен қолдарын және шыбықты бұлғап итке қарсы жүгіреді.</p> <p>Ату дыбыстары естіледі. Ит айқайға, соққыға және атуға назар аудармай, фигурантқа жақындал, жеңінен берік ұстап және оған маман жақындағанға дейін жібермеуі керек. Маман итке қарай қозғалуды ит фигурантпен жана сқаннан кейін гана бастайды. Ұстаганнан кейін маман итті фигуранттан алып кетеді және ұсталған адамды күзетуге команда береді. Шабуыл кезінде үш ату жүргізіледі: бірінші – фигурант қашқан кезде, екінші – фигурант итке қарсы қозғалғанда, үшінші – ит жеңінен ұстаган кезде.</p> | 100 | <p>50 балға атуға шамалы әрекет еткені, одан кейін мықты тістеп ұстаганы үшін 100 балға атуға, фигурантқа қатысты үрей білдіргені үшін</p> |
| 16 | <p>Ұсталған адамды күзету "Күзет" командасы, қимыл – оң қолды белден бастап ұсталған адам жаққа сілтеу.</p> <p>Маман ұсталған адамды тінтуді имитациялайды (колымен фигуранттың денесін жоғарыдан төменге қағу) және итке "Күзет" командасын қайта беріп, 5 адымға алыстаиды. Күзету кезінде ит ұсталған адамнан кемінде үш адым қашықтықта отырған қүйде болады. Тексерушінің командасы бойынша фигурант ұсталған орыннан кетуге әрекет жасайды. Фигуранттың орнынан жасаған бірінші қозғалысы кезінде ит оның жеңінен берік тістеп шабуыл жасауы</p> | 100 | <p>25 балға "Фу" командасын немесе осы нормативте көзделмеген басқа команданы (иттің лақап атын) қайталап бергені үшін; иттің "Фу" командасы берілгеннен кейін осы команданы 5 секунд ішінде орындамағаны үшін; күзетілетін адам ұсталған орыннан кетуге әрекет жасағаннан кейін шабуылды кешеуілдеткені үшін 100 балға маманың итке 5 адымнан жақын жақындағаны үшін; иттің фигурантқа себепсіз шабуыл</p> |

| | | | |
|----|--|-----|---|
| | және маманның "Фу", "Күзет" командаларына дейін онымен күресуі керек. Ит тізгінсіз жұмыс істейді. | | жасаганы (жұлқылағаны) үшін; иттің күзетілетін адамнан 3 адымнан астам қашықтыққа кеткені үшін |
| 17 | <p>Ұсталған адамды айдауылдау</p> <p>"Күзет" командасы, кимыл –оң қолын белден бастап ұсталған адам жакқа қозғалту.</p> <p>Ұсталған адамды қайта күзетуден кейін маман сол аяғының жанында иті (тізгінсіз) бола тұрып, ұсталған адамның артқы жағында және онға (солға) қарай тұрады.</p> <p>Қозғалудың алдында: ұсталғанға – "Адым бас", итке – "Күзет" командасын береді және кемінде 30 метр тұра айдауылдауды жүргізеді.</p> <p>Айдауылдау кезінде ұсталған адам тексерушінің командасы бойынша маманға шабуыл жасауға бір әрекет жасайды. Ит кідірусіз фигуранттың жеңінен берік ұстап (белсенді шабуыл жасаумен) әрекет жасауы керек.</p> <p>Күресті тоқтату үшін маман итке "Фу" және "Күзет" командасын береді және айдауылдауды жалғастырады.</p> <p>Норматив айдауылдауды аяқтағаннан кейін және маманның "Тапсырылды" деген командасынан кейін орындалған болып саналады.</p> | 100 | <p>25 балға</p> <p>Фу" командасын немесе осы нормативте көзделмеген басқа кез келген команданы (мысалы, иттің лақап атын) қайталап бергені үшін; иттің "Фу" командасы берілгеннен кейін осы команданы 5 секунд ішінде орындамағаны үшін;</p> <p>күзетілетін адам маманға шабуыл жасауға әрекет еткеннен кейін шабуылды кешеуілдеткені үшін 100 балға</p> <p>иттің айдауылдайтын адамға себепсіз шабуыл жасаганы (фигурантты жұлқылағаны) үшін</p> |

Ең жоғары балл жиынтығы:

| Қызыметтік ит санаты | Жалпытәртіптік курс үшін | Арнайы курс үшін | Барлығы |
|----------------------|--------------------------|------------------|---------|
| іздестіру | 65 | 480 | 545 |
| қарауылдық | 5 | 300 | 305 |

Ескертпе:

- 1) "Отырғызу", "Жатқызу", "Тұрғызу" және "Дауыс шығаруға шақыру" нормативтерін орындау кезінде ит маманнан 40 метр қашықтықта болады;
- 2) "Отырғызу", "Жатқызу", "Тұрғызу" нормативтерін орындау кезінде болатын қалыпты ұстасу уақыты – 30 секунд;
- 3) тәсілдерді орындау реттілігі, "Дауыс шығаруға шақыру" нормативін орындау кезіндегі иттің қалпы, "Апортировка" нормативін орындау кезінде заттың түрін тексеруші адам айқындауды;
- 4) № 12 нормативті қоспағанда, қарауылдық ит жалпытәртіптік курс нормативтері бойынша тексерілмейді, балдарды есептеусіз кинологияның қысқа тізгінмен және тұмылдырықта қозғалуы кезінде оларды басқаруы тексеріледі.

Жалпытәртіптік және арнайы курс бойынша қызметтік иттің дайындығы мынадай болып бағаланады:

"өте жақсы" – тексерілетін нормативтер бойынша ең жоғары балл жиынтығының кемінде 70 %-і;

"жақсы" – тексерілетін нормативтер бойынша ең жоғары балл жиынтығының кемінде 60 %-і;

"қанағаттанарлық" – тексерілетін нормативтер бойынша ең жоғары балл жиынтығының кемінде 50 %-і;

"қанағаттанарлықсыз" – тексерілетін нормативтер бойынша ең жоғары балл жиынтығының 50 %-тен кемі.